

Ж.М. Төлен¹

¹ «Тұран» университеті

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ САЯСИ МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан қоғамының саяси мәдениетінің қалыптасу және даму ерекшелігі тарихи тұрғыда талданады. Қазақстанның саяси мәдениеті өзінің түп бастауын патриархалды қатынас-тардан, ғасырлар бойы қалыптасқан коллективтік санадан, кейінірек ықпал еткен тоталитарлық санадан, архаикалық салтқа сенушіліктен, конформизм және мәжбүрлеуге қарсыласпаудан бастау алады. Жастардың саяси көңіл-күйін ұдайы қадағалау, дұрыс бағыттау – саяси мәдениетті тәрбиелеудің маңызды бағыты. Осы тұрғыдан жоғары оқу орындары жастар ұйымдары саяси білім беретін кафедралар профессор-оқытушыларымен бірлестікте мониторинг жүргізуі жақсы нәтижелер береді. Біздің жастарымыз елдегі, әлемдегі саяси үрдістерді дұрыс пайымдауы және бағалауы қажет. Мемлекет саясатын дұрыс түсіну, саяси сауаттылық, идеологиялық кемелділік, сын тұрғысынан ойлау әр түрлі саяси ақпараттарды, көзқарастарды оң бағалай білуге дағдыландырады. Қазақ халқының мінезінің сипаттамалық белгісі оның бөлінбейтін саяси-мәдени қасиеті – максимализмде. Қазақ халқының менталитетіндегі еркіндік оның өмір сүру стиліндегі еркіндікпен тікелей байланысты. Сонымен қатар қоғамда заң алдындағы әділдік, билікке толық берілу, деген секілді тұрақты өзгермейтін дәстүрлер қалыптасып, дамыды. Ұзақ жылдар барысында биліктің тоталитарлы-авторитарлы жүйесі өмір сүруі негізінде халықтың патриархалды менталитеті бекіді. Оның ішінде жастардың саяси мәдениетіне зерттеу жүргізіліп, олардың саяси мәдениетінің, саяси білімі, саяси құндылықтары мен саяси үрдістерге қатысу деңгейі анықталады. Зерттеу жұмысы ғылыми ақпарат жинау формасы негізінде сандық әдістерді қолданды. Зерттеу жұмысының қамту аумағы республикалық деңгейде жүргізілді. Азаматтық мәдениет, саяси мәдениет ғылыми концепцияларына кешенді талдау жасалды. Зерттеу әлеуметтік сауалнама негізінде Қазақстан бойынша барлық жастардың (4млн 510 мың) 0,02% жүргізіліп, сауалнамаға республиканың әр аймағынан 910-ға жуық жас қамтылды және нәтижесі шығарылды. Зерттеу қорытындысы негізінде жастардың саяси мәдениетіндегі проблемалары мен мүмкіндіктері анықталып, ұсыныстар жасалады.

Түйін сөздер: саяси мәдениет, азаматтық мәдениет, жастар, саяси құндылықтар, саяси белсенділік.

Төлен Ж.М.¹

¹ Университет «Тұран»

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ПОЛИТИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ МОЛОДЕЖИ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

В статье исторически анализируются особенности становления и развития политической культуры казахстанского общества. Политическая культура Казахстана берет свое начало из патриархальных отношений, коллективного сознания, сложившегося на протяжении веков, тоталитарного сознания, впоследствии оказавшего влияние на архаический обычай, конформизма и ненависти к принуждению. Постоянное наблюдение за политическим настроением молодежи, правильное направление – важнейшее направление воспитания

политической культуры. С этой точки зрения высшие учебные заведения проводят мониторинг молодежных организаций совместно с преподавателями-профессорами кафедр политического образования. Наша молодежь должна правильно осмыслить и оценить политические процессы в стране, мире. Правильно понимать политику государства, политическую грамотность, идеологическую приверженность, критическое мышление дают навыки позитивной оценки различных политических информационных, взглядов. Характерный признак характера казахского народа в его неделимых политико- культурных свойствах – максимализме. Свобода в менталитете казахского народа напрямую связана с свободой в стиле его жизни. Кроме того, в обществе формировались и развивались стабильно неизменные традиции, такие как справедливость перед законом, полная передача власти. В течение долгих лет на основе существования тоталитарно-авторитарной системы власти укрепился патриархальный менталитет народа. В частности, проводится исследование политической культуры молодежи, определяется уровень их политической культуры, политических знаний, политических ценностей и участия в политических процессах. Исследовательская работа использовала численные методы на основе форм сбора научной информации. Территория охвата исследовательской работы включала в себя республиканскую основу. Впервые было дано комплексное определение научных концепций гражданской культуры, политической культуры. Исследование было проведено на основе социологического опроса по Казахстану на 0,02% от всей молодежи (4 млн 510 тыс.), в опросе приняло участие около 910 молодых людей из разных регионов республики и были отобраны результаты. По итогам исследования будут определены проблемы и возможности политической культуры молодежи, выработаны рекомендации.

Ключевые слова: Политическая культура, гражданская культура, молодежь, политические ценности, политическая активность.

*Tolen Zh.M.*¹
¹ «Turan» University

FEATURES OF POLITICAL CULTURE FORMATION YOUTH IN KAZAKHSTAN

Abstract

The article analyzes the specifics of the formation and development of the political culture of Kazakhstan's society in a historical context. The political culture of Kazakhstan has its origins in patriarchal relations, the collective consciousness formed over the centuries, the totalitarian consciousness that later influenced it, the belief in archaic customs, conformity and resistance to coercion. Constant monitoring and proper orientation of the political mood of young people is an important direction in the education of political culture. From this point of view, monitoring by youth organizations of higher educational institutions together with professors and teachers of political education departments gives good results. Our young people should correctly judge and evaluate political trends in the country and in the world. Correct understanding of state policy, political literacy, ideological maturity, and critical thinking allow you to positively evaluate various political information and views. A characteristic feature of the character of the Kazakh people is its indivisible political and cultural property-maximalism. Freedom in the mentality of the Kazakh people is directly related to freedom in its lifestyle. At the same time, the society has formed and developed stable, unchanging traditions, such as justice before the law, complete surrender to power. Over the years, the patriarchal mentality of the people has been established on the basis of the existence of a totalitarian-authoritarian system of power. In particular, a study of the political culture of young people is conducted, which determines the level of their political culture, political education, political values and participation in political processes. The research paper used quantitative methods based on the form of collecting scientific information. The coverage area of the research was covered by the Republican basis. For the first time, a comprehensive definition of scientific concepts of civil culture and political culture was given. The study was conducted on the basis of a sociological survey of 0.02% of all young people in Kazakhstan (4 million 510 thousand), the survey covered about 910 young people from different

regions of the Republic and summed up the results. Based on the results of the study, problems and opportunities in the political culture of young people are identified and recommendations are made.

Keywords: Political culture, civic culture, youth, political values, political activity

Кез-келген мемлекеттің саяси жүйесінің тұрақтылығы мен демократияның дамуы тікелей саяси мәдениетке байланысты. Саяси мәдениет – бұл тарихи қалыптасқан және халықтың, әлеуметтік топ немесе жеке тұлғаның меңгерген саяси санасы мен мінез-құлық нормаларының жиынтығы.

Қазақстанның саяси мәдениеті басқа елдермен салыстырғанда, өзінің спецификалық және характеристикалық ерекшелігімен көзге түседі. Қазақстан азаматтарының саяси құндылықтары, дәстүрлері, менталитеті секілді өзіндік көрініске ие өркениеттік ерекшеліктермен сипатталады.

Қазақ халқының тарихына жүгінер болсақ, көшпенділер өркениетінің жалғасы әрі мұрагері ретінде көшпенділер өркениетіне тән менталитеті, саяси құндылықтары, дәстүрлері қалыптасып, бүгінгі таңда да халық санасында орын алып келеді. Сонымен қатар Кеңестік саяси мәдениет сарқыншақтары да бүгінгі халықтың саяси санасы мен жүріс-тұрысына белгілі бір деңгейде өз ықпалын тигізіп отыр. Тәуелсіздік алғаннан кейін демократиялық даму жолына бет түзеген Қазақстан халқының саяси мәдениеті мен құндылықтарына демократиялық және либералдылық құндылықтар да өзінің барынша ықпалын тигізуде.

Нәтижесінде қазіргі уақытта қоғамда екі саяси мәдениеттің – авторитарлық және демократиялық мәдениеттің күресі байқалып отыр. Осы тұрғыда Қазақстандағы демократиялық саяси мәдениеттің болашағы қандай болмақ деген заңды сұрақ туындайды. Ол авторитарлы-патриархалды саяси мәдениеттің ұдайы жаңғырту факторларын еңсерумен анықталады, және оның жойылуына мүмкіндік жасау қажет [1]. Қазақстанда демократиялық саяси мәдениеттің қалыптасуы қоғамның маңызды тұрақтандырушы факторы болып табылады. Мемлекеттің саяси жүйесінің тұрақтылығы мен демократияның дамуы тікелей халықтың саяси мәдениетіне тәуелді.

Саяси мәдениеті эмпирикалық тұрғыда зерттеген ғалымдар Г.Алмонд пен С.Верба [2] азамат-тардың саяси мәдениетінің деңгейін анықтауда оны 3 құрамдас бөлікке бөле отырып зерттейді:

1. Саяси таным (познание), әр адам өзінің саяси құқықтары мен мемлекеттің саяси жүйесін, басқару жүйесін білмей қоғамның саяси өміріне толыққанды араласуы мүмкінсіз. Бұл көрсеткіштерді келесідей бөліктерге бөліп көрсетуге болады:

а) саяси жағдайларға көңіл бөлу деңгейі (ғалымдардың зерттеулері көрсеткендей дамыған елдердің саяси жағдайларға көңіл бөлу көрсеткіші жоғары);

ә) саяси жаңалықтардан хабардар болу және жеке пікірдің болуы, мысалға: саяси партиялардағы лидерді анықтай білу және олардың бағдарламасының мәнін түсіне білу; қаншалықты саяси мәдениет деңгейі жоғары болса соншалықты саяси жаңалықтардан хабардар болу деңгейі мен жеке пікірдің болуының арақатынасы жақындай түседі;

б) саясат саласындағы біліктілік деңгейі.

2. Саясатқа және саяси жүйеге қатынас. Мұнда маңызға ие болатын келесідей көрсеткіштер:

а) биліктің іс-әрекетін бағалау (дамыған елдерде халық санының басым бөлігі үкімет азамат-тардың өмірін жақсартуға қолқабыс етеді дегенге сенеді, ал аздаған бөлігі басқа көзқараста болады);

ә) саяси мәселелерді достарыңмен, ата-анаңмен, таныс-білістеріңмен және т.б. талқылау жиілігі және талқылау үшін еркіндіктің болуы;

б) саяси коммуникация формасы яғни адамдар қандай да болмасын саяси партиялар не саяси күштерді еркін түрде қолдауда өздерін қаншалықты қауіпсіз сезінеді;

в) мемлекеттің саяси жүйесіне, оның әртүрлі бағыттардағы жетістіктеріне, әлемдік аренадағы алар орнына, экономикалық жүйесіне, рухани және діни құндылықтарына, ғылымға, өнерге қосқан үлесіне ұлттық мақтаныш сезімі.

3. Қоғамның саяси өміріне қатысу деңгейі. Бұған келесідей көрсеткіштер жатады:


- а) жеке тұлғаның саяси белсенділігінің деңгейі;
- ә) адамдарғы барынша тиімді саяси өмірге қатысу формасы;
- б) мемлекеттік саясат не жергілікті басқару орындарына қатысу (зерттеулер көрсеткендей көп жағдайда біріншіге қарағанда екінші сайланады);
- в) элита не басшылық тарапынан қабылданатын шешімдерге ықпал етуге және ықпал етудің әдісін тандауға яғни саяси партиялар арқылы, мемлекеттік емес ұйымдар, сот, құқықтық органдар арқылы ықпал етуге адамдардың сенімінің болуы [3].

Жоғарыдағы 3 бағдарға сүйене отырып мемлекеттің тұрақты динамикалық дамуында үлкен рөл атқаратын, қоғамның қозғаушы күші болып табылатын жастардың саяси мәдениетін, құндылықтары мен бағдарларын, ұстанымдары мен принциптерін анықтау маңызды. Өйткені әлемдік тәжірибе көрсеткендей соңғы саяси жағдайлар мысалында (Қырғызстан, Шығыс Еуропа елдері) көптеген мемлекеттердегі саяси тұрақсыздықтар мен революциялар негізінен жастар тарапынан орын алып отыр. Яғни қоғамдағы ең белсенді әрі қозғаушы топ ол жастар. Соған сәйкес Қазақстан Респуб-ликасы бойынша барлық аймақтардан жастар арасында сауалнама жүргізілді. Зерттеудің негізгі мақсаты Қазақстанда азаматтық мәдениетті қалыптастыруда жастардың мысалында мемлекет азаматтарының саяси санасын, көзқарасын азаматтық белсенділігін анықтау. Жастардың тұрақты саяси бағдарлары мен азаматтық белсенділігі және ұлтына деген патриоттық сезімі арқылы қоғамның саяси тұрақтылығына жол ашу. Сауалнама Республика бойынша (6 аймаққа бөліп) барлық 4 млн 510 мың 435 жастың 0,02%-не шағып 910 жасты қамтып жүргізілді.

Кесте 1 – Сауалнамаға қатысқан респонденттердің ұлттық ерекшелігі, жасы, білімі

Ұлты		Жасы		Білімі	
Қазақ	70%	18 бен 21 аралығында	42%	жоғары	26%
Орыс	16%	22 мен 25 аралығында	36%	аяқталмаған жоғары	52%
Өзбек	4%	26 мен 29 аралығында	22%	орта	19%
Ұйғыр	3%			аяқталмаған орта	3%
Басқа ұлттар	7%				

Қандай да болмасын қоғамда азаматтардың мемлекетте болып жатқан саяси жағдайлар мен үрдістерге тұрақты көңіл аударып отыруы, оны әрдайым бақылап, оған өзіндік баға беруі - ол азаматтық мәдениеттің бір көрінісі болып табылады. Саяси мәдениет классиктері Г.Алмонд пен С.Верба атап өткендей азаматтық мәдениеттің бастамасы азаматтардың саясатқа деген қызығушылығынан бастау алады [4]. Соған сәйкес Қазақстандағы жастардың саяси сауаттылығы мен көзқарасын анықтау үшін, жастардың саясатқа, б олып жатқан саяси жағдайларға қаншалықты қызығатынын анықтау қажет болды.



Сурет 1 – Сіз саясатқа қызығасыз ба?

Сауалнама нәтижесі көрсеткендей елдегі жастардың 22% саясатқа өздерінің өте қызығатынын атаса, 34% жастар қызығатынын, 35% аз қызығатынын, ал 9% жастар саясатқа мүлдем қызықпайтынын көрсетті.

Сауалнама қорытындысынан көріп отырғанымыздай көптеген жастардың саясатқа деген қызығушылықтарының аз екендігі және мүлдем қызықпайтын жастардың да үлес салмағының көп екендігі, қоғамдағы жастардың мемлекет билігіне, саясатқа қарағанда әлеуметтік және тұрмыстық жағдайы алаңдататынымен сипатталады. Өйткені статистика бойынша Қазақстанда бүгінгі таңда жарты миллионға жуық жас отбасылар өздерінің әлеуметтік жағдайын шеше алмай отыр, яғни тұратын баспаналары жоқ.

Саяси жаңалықтардан оның ішінде Президенттің жыл сайынғы жолдауларынан азаматтардың қаншалықты хабардар екендігін анықтау барысында әлеуметтанушы З.К. Шаукунова әлеуметтік зерттеу жасаған. Нәтижесінде респонденттердің 85,8% Жолдау туралы есіткен, хабары бар, ал 14,2% есітпеген, хабарсыз. Ал енді Жолдаудың мазмұнына келгенде респонденттердің 68,3% біледі тек кейбір бөліктерін ғана, 23,3% мазмұнынан жақсы хабардар, ал 8,5% Жолдаудың мазмұнын мүлдем бейхабар [5].

Осыған орай сауаттылықты көрсететін, жастардың қоғамдағы саяси жаңалықтардан қаншалықты хабардар екендігін анықтағанымызда келесідей жауаптар алынды.



Сурет 2 – Саяси жаңалықтардан қаншалықты хабардарсыз?

Жастардың басым көпшілігі әлемде не болмаса мемлекетте болып жатқан саяси жаңалықтардан жеткілікті хабардар еместігі анықталды, яғни 41% респондент орташа, 13% аз, 3% мүлдем хабардар емеспін деген. Сұралғандардың тек 10% ғана жоғары десе, 33% жеткілікті деп, елдегі жастар өздерінің саясатқа қатты қызыға бермейтіндігін тағы көрсетті.

Осы сұрақты әрі қарай жалғастырушы сауал, әлемде және мемлекетте болып жатқан саяси үрдістерді қаншалықты бақылап отыратындығын анықтағанымызда, нәтижесі төмендегідей



өрбіді.

Сурет 3 – Әлемде және мемлекетте болып жатқан саяси процестерді бақылап отырасыз ба?

Бұл сұрақ бойынша да көпшілік жастарға мемлекетте, әлемде болып жатқан саяси үрдістер қатты қызығушылық тудырмайтындығы, соған сәйкес жастардың басым бөлігі ол үрдістерді бақылап, ой елегінен өткізіп отырмайтындығы, яғни 48% *анда-санда* деп немқұрайлылық танытса, 6% *мүлдем* бақыламайтынын алға тартқан. Бірақ жастардың 30% *жиі*, 16% *әрқашан* бақылаймын деп, өздерінің қызығушылық танытатынын аңғартты.


Жастардың қоғамдағы рөлін, азамат ретінде қалыптасуын, көзқарасын, ұстанымын, жүріс-тұрысын анықтау үшін, оған ықпал еткен факторларды білмей мүмкінсіз. Соған орай қоғамдағы жастардың саяси көзқарасы мен азамат ретінде қалыптасуына қандай факторлар ықпал ететінін жастар арасынан сұрағанда, ақпараттық қоғамда бұқаралық ақпарат құралдарының, ақпарат көздерінің (интернет, телеэкран, газет, журнал) ықпалы едәуір екенін атап өту шарт.



Сурет 4 – Сіздің саяси көзқарасыңызға, азамат ретінде қалыптасуыңызға қандай факторлар ықпал етті?

Жоғарыда атап өткендей жаһандану дәуірінде жастардың саяси көзқарастары мен азамат ретінде қалыптасуына басты ықпал етуші фактор (26%) бұқаралық ақпарат құралдары (интернет, телеарна, баспа, радио). Келесі ықпал етуші факторлар әлеуметтену институттары: отбасы (25%), мектеп, институт (24%), араласатын орта, достары (13%), содан соң ғана саяси партиялар, жастар ұйымдары, үйірмелер (11%) болып табылатындығы анықталды.

Қоғамдағы жастардың саяси бағдарлары мен құндылықтарын анықтау мақсатында, Сіз үшін қазіргі кезде қандай саяси құндылықтардың маңызы зор деген сауалға респонденттердің жауабы төмендегідей орын алды.



Сурет 5 – Сіздің ойыңызша, қазіргі уақытта қандай саяси құндылықтардың маңыздылығы зор?

Бүгінгі жастардың басты бөлігі қажет ететін құндылық ол азаматтардың еркіндігі мен құқықтары (28%) болса, келесі құндылық ретінде биліктің тиімділігі мен Конституцияны құрметтеу (21%), одан кейінгі маңызды құндылықтар теңдік (12%), Қазақстан Республикасының тіл туралы Заңы (12%), жас-тардың саясатқа қатысу мүмкіндігі де елеулі құндылық екендігін көрсетті (9%). Сауалнаманы тұжы-рымдай келе демократиялық қоғам орнату жолындағы мемлекеттің жастарының басты талап етететін және қажет ететін құндылығы азаматтардың құқықтары мен еркіндігі екендігін аңғаруға болады.

Жастардың саяси-құқықтық сауаттылығы мен білімінің деңгейін көрсететін келесідей сұраққа, яғни жеке құқықтарын қаншалықты деңгейде білетіні туралы сұрағанымызда нәтижесі келесідей болды:



Сурет 6 – Жеке құқықтарыңызды қаншалықты деңгейде білесіз?

Елдегі жастардың басым көп бөлігі (35%) төмен, аз «2» білетінін көрсетті, ал қалған басымдыққа ие (25%) респонденттер өз құқықтарын орташа «3» білітіндіктерін көрсетіп берді. Ал келесі басымдыққа ие өздерінің құқықтарын мүлдем білмейтін «1» (16%) азаматтарды құрайды.

Жастардың саяси белсенділігіне мән берер болсақ, жастар қоғамның негізгі қозғаушы күші болып табылатындықтан, олардың саяси қатысуы мен белсенділігі де мемлекеттің дамуында өте маңызды өзіндік орын алады.

Жастардың саяси белсенділігі мен қатысу саяси мәдениетінің деңгейін анықтау мақсатында сайлауға қаншалықты белсенді қатысасыз деген сұрақ қойылды.



Сурет 7 – Сайлауға қаншалықты белсенді қатысасыз?

Сайлауға жастардың салыстырмалы түрде белсенді қатысатынын (42%) сауалнама нәтижесі көрсетсе, ал 23% жастар кейде қатысатынын көрсетуде, ал 28% жастар сайлау үрдісіне өздерінің мүлдем қатыспағанын айтса, ал 6% жастар сайлау науқаны ешқандай қызығушылық

тудырмай-тынын алға тартады. Көріп отырғанымыздай белсенді қатысушы жастардың үлес салмағы жоғары болғанымен олардың өз еркімен, не болмаса азаматтық борышы ретінде қатысуы төмен, яғни басшылық тарапынан қысым не ықпалыдың арқасында қатысатындарын да атап өтті.

Сонымен қоса тағы үлкен басымдыққа ие жауап жастардың сайлауға қатыспағаны және оларға сайлау науқаны ешқандай қызығушылық тудырмайтыны болып табылады.



Сурет 8 – Сайлауға қандай мақсатпен қатысасыз?

Азаматтардың сайлауға қандай мақсатпен қатысатынын анықтағанымызда, 27% мемлекетке өз мүддемді қосу үшін десе, 23% сайлаушы мемлекет мүддесі үшін деп жауап беріп, мемлекет мүддесіне өз үлестерін қосуды алдыңғы орынға қоятынын аңғартып отыр. Ал азаматтардың басым бөлігі 34% бұл менің азаматтық парызым десе, 13% белсенділігімді көрсету үшін деген, 3% сайлаушылар әртүрлі жауаптар берген.


Азаматтардың саясатқа қатынасы мен саяси белсенділігін анықтау үшін саясатқа қандай қатынас орнатасыз деген сауал қойылды.



Сурет 9 – Өзіңіздің саяси қызметке қатынасыңызды анықтаңыз


Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, азаматтардың басым бөлігі 29% саясатқа араласпайтынын яғни, ешбір саяси шараға араласпайтынын, араласуды деп есептемейтінін атаса, 25% респонденттер саясатпен кәсіпқой түрде айналысқылары келетінін, 23% жауап беруге қиналады, ал 20% белсенді қатысамын деп жауап берген. Сауалнама бойынша әлі де жастардың көпшілік бөлігі саясатқа қатысуды құптамайтынын аңғартады.

Келесі жастардың мемлекет алдындағы қоғам алдындағы жауапкершілігін анықтағанымызда, жастар көпшілік бөлігі өзіндік жауапкершілікті жоғары қоятындығы байқалса, мүлдем жауапкершілікті сезінгісі келмейтін жастардың да қоғамда белгілі бір деңгейде орын алғандығын көруге болады.




Сурет 10 – Өзіңізді ҚР азаматы ретінде сезіне отырып, қандай жауапкершілікті сезінесіз?

Сауалнама нәтижесінде анықталғандай 29% жастар өздеріне өте үлкен жауапкершілікті мойындарына алатындығын меңзесе, 40% респонденттер бәрі жастардың қолында деп жауап берген. Ал 20% жеткілікті, 6% сезінгім келмейді, 5% ешқандай жауапкершілік сезінбеймін деп, мемлекет, қоғам алдындағы жауапкершіліктен бас тартады. Мұның басты себебі бүгінгі таңдағы жастардың құндылықтары мен бағдарларының көптеп өзгерістерге ұшырауымен байланыстырып қарастыруға болады.



Қазақстандағы саяси жағдайды жастардың бағалауына байланысты сауал қойылғанда, басым көпшілік жастар (52%) мемлекеттің саяси жағдайы тұрақты бірақ кішігірім түйіні шешілмеген мәселелер бар екендігін атайды. Ал 26% жастар мемлекеттің бүгінгі дамуы тұрақты түрде жүріп отырғанын алға тартады. 15% қауіпті бірақ көңіл алаңдатарлық емес десе, 7% қауіпті, қайшылыққа толы деп жауап берген. Бір жағынан мемлекет жүргізіп отырған этносаралық және конфессияралық келісім саясаты негізінде елдің саяси тұрақтылығы орнап отыр деген тұжырымға келсе, екінші жағынан ұлттық мүдделердің, ұлттық саясаттың дұрыс қолға алынбауы қазақ жастарын қатты алаңдатып отырғанын атап, биліктің жүргізіп отырған саясатына көңілдері толмайтындақытарын жеткізуде.



Қазіргі биліктің жүргізіп отырған саясатын жастардың 33% толықтай қолдап, қанағаттанатынын көрсеткенімен, 51% жастар жартылай қанағаттанатынын, яғни әлі де болса билік келелі мәселелерді шеше алмай отырғандығын атайды. Ал 15% респонденттер мүлдем қанағаттанбайтынын көрсетіп, биліктің өздерінің мүддесін, азаматтардың, ұлттың мүддесін қолдап отырған жоқ екендігін алға тартуда.

Сауалнама нәтижесінен бүгінгі жастардың саясатқа деген қызығушылықтары мен саяси білімінің әлі де болса салыстырмалы төмендігі, саяси бағдарларының айқынсыздығы, жауапкерші-лігінің толық қалыптаспағандығын көруге болады.

Жалпылама сауалнаманы қорытындылай келе, Қазақстандағы бүгінгі таңдағы азаматтардың саяси сауаттылығы мен саясатқа деген қызығушылығы көңіл толтырарлық жоғары емес, Бірақ саяси жаңалықтардан салыстырмалы түрде жеткілікті түрде хабардар, және бақылап отырады. Ал саяси белсенділігі мен азаматтық позициясы бодандық яғни саясатқа қатысуға деген құлықсыздығы немесе неқұрайлылығы басым. Азаматтардың саяси бағдарлары мен құндылықтарының басым бөлігі айқынсыз, көп жағдайда саяси, азаматтық, ұлттық құндылықтарға қарағанда жеке құндылықтар мен әлеуметтік жағай құндылықтары алдыңғы орында тұр.

2011 жылы желтоқсанда Жаңаөзендегі жастардың жаппай ереуілге шығып, үлкен бүлікке ұласуы тікелей сондағы жұмысшылардың әлеуметтік мәселесінен туындаған жағдай. Оған байланысты әртүрлі ақпараттар тарап, саяси астар да іздей бастаған болатын. Жастардың саяси мәдениетінің төмендігінің салдарынан туындаған көтеріліс деп те баға бергендер болды. Бірақ Жаңаөзен мұнайшылары көтеріліске дейін 1 жылға жуық аралықта алаңға бейбіт шеруге шығып өздерінің еңбек ақасын беруді талап еткен, үкімет, мұнай компаниясының басшылары осы аралықта бұған көңіл аудара қоймаған. Ашынған жұмысшылар желтоқсандағы мерекеде жаппай алаңға шығып, биліктің көңіл аударуын талап еткен, дәл сол сәтті белгілі бір саяси топ өз мүддесіне пайдаланып, мұнайшыларды бүлік шығаруға итермелеп, соны ретсіздікке ұласты. Нәтижесінде билік жаппай ретсіздікті тоқтату мақсатында күш қолдануға мәжбүр болды. Мұнда азаматтардың саяси бағыттағы емес, әлеуметтік жағдайынан туындаған араздық екенін көруге болады.

Қорытынды

Зерттеу жұмысын қорытындылай келе, қандай да болмасын қоғамның не мемлекеттің саяси жүйесінің тұрақтылығының орнауы мен динамикалық дамуында сол қоғамның азаматтарының саяси бағдарлары мен қағидаларының, көзқарастары мен ұстанымдарының, мінез-құлық үлгілерінің жоғары және айқын болуымен сипатталатындығы айқындалды. Дамыған демократиялық батыс елдерінің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, азаматтық мәдениет үлгісі сол қоғамдағы болып жатқан саяси үрдістерге азаматтардың қатысуы мен бақылап, баға беріп, өз үлесін қосып отыруымен көрініс береді. Сонымен қоса саяси жүйедегі «кіріс» пен «шығыс» қағидаларының қоғамда тепе-теңдігін сақтай отырып дамуы, қоғамның саяси тұрақтылығына бірден-бір негіз болады.

Жоғарыдағы аталған тұжырымдарға сүйене отырып, мемлекеттегі жастардың демократиялық азаматтық мәдениеті мен белсенділігін арттыру үшін келесідей қағидаларға

негізделу шарт.

- 1) өзінің қатысу тиімділігіне деген субъективті сенімнің жоғары көрсеткіші;
- 2) азаматтық жауапкершілік сезімінің, яғни мемлекеттің динамикалық дамуын арттыру үшін әрбір азаматтың, тұлғаның белсенді азаматтық қатысу маңыздылығын түсінудің жоғары көрсеткіші;
- 3) азаматтардың бір-біріне деген, мемлекеттік және жергілікті басқару органдарына деген сенімнің жоғары болу көрсеткіші;
- 4) азаматтардың қоғамдық мүдделерді жүзеге асыру қызметтерімен байланысты ұйымдарға мүшелік етудің жоғары көрсеткіші.

Қазақстандағы жастардың саяси мәдениетін арттыру мақсатында келесідей ұсыныстар жасалады:

- Қазақстан қоғамы тұрақтылығының факторы болып табылатын азаматтардың саяси бағдарлары мен құндылықтары, саяси білімі мен жүріс-тұрыс үлгілерін дамыту және арттыру керек. Бұл орайда мемлекет тарапынан мемлекеттік бағдарламалар әзірленіп, ақпарат кеңістігінде саяси білімді, белсенділікті арттыратын бағдарламалар жасалып, ұсынылуы қажет;
- азаматтардың саяси мәдениеті мен құқықтық білімінің деңгейін бағалау критерийлерін жасау және жыл сайын мониторинг жүргізіп отыру;
- жастардың саяси-құқықтық сауаттылығы мен білімін қалыптастыру және арттыру мақсатында жоғары оқу орындарында, техникалық кісіптік оқу орындарында, орта білім беру орындарында, жалпы «саясаттану», «құқық негіздері» пәндерін міндетті пән ретінде енгізу;
- жастардың белсенді азаматтық позициясын қалыптастыруда мемлекеттік теледидар арналарында жастар интеллектуальды, ток-шоу бағдарламаларын жасап, қоғамға ұсыну;
- елдегі жастарға заңға сүйенген білім беруді жүзеге асырудағы БҰҰ бала құқықтары туралы конвенциясына сәйкес, республикалық жастардың қоғамдық қабылдауын жасау.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Кадыржанов Р.К. Консолидация политической системы Казахстана: проблемы и перспективы.* – Алматы: Институт философии и политологии МНУВО РК, 1999. – С.62.
2. *Almond G. and Verba S. The Civic Culture: political Attitudes and Democracy in Five Nations.* – Princeton, 1963. – 374 p.
3. *Шайдулин Т.Т. Состояние и тенденции развития политической культуры студенческой молодежи в современном обществе.* – Уфа, 2010. – С.152
4. *Алмонд Г. Гражданская культура. Политические установки и демократии пяти нации // Антология мировой политической мысли: в 5 т. – М.: Мысль, 1997. – Т.2. – С.602.*
5. *Шаукенова З.К. Идеино-ценностные и политические аспекты послания Президента Республики Казахстан.* – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013. – 205 с.

References:

1. *Kadyrzhanov R.K. Konsolidaciya politicheskoj sistemy Kazahstana: problemy i perspektivy.* – *Almaty: Institut filosofii i politologii MNiVO RK, 1999. – S.62.*
2. *Almond G. and Verba S. The Civic Culture: political Attitudes and Democracy in Five Nations.* – Princeton, 1963. – 374 p.
3. *Shaidylin T.T. Sostoyanie i tendencii razvitiya politicheskoi kultury studencheskoi molodezhi v sovremennom obshestve.* – Ufa, 2010. – C.152
4. *Almond G. Grazhdanckaya kultura. Politicheskie uctanovki i demokratii pyati nacji // Antologiya mirovoj politicheskoj mysli: v 5 t. – M.: Mysl', 1997. – T.2. – C.602.*
5. *Shaukenova Z.K. Ideino-cennostnye i politicheskie aspekty poslaniya Prezidenta Respubliki Kazahstan.* – *Almaty: IFPR KN MON RK, 2013. – 205 s.*